

3. Жәнібеков Ө. Уақыт керуені. - Алматы: Жазушы, 1992. -192 бет.
4. Жәнібеков Ө.Қазақ киімі.-Алматы: Өнер,2005.-160б.
5. Жәнібеков Ө. Жолайырықта. -Алматы: «Рауан» баспа үйі, 1995.-110 бет.
6. Алимбай Н. Муканов М.С. Аргынбаев Х.Традиционная культура жизнеобеспечения казахов. Очерки теории и истории.- Алматы: Ғылым, 1998 - 234 с.
7. Назарбекұлы С. Қазақтың киіз үйі.-Астана: Елорда,-2005-93 б.
8. Маргулан А.Х.Казахское народное прикладное искусство.- Алма-ата: «Өнер», 1986-246 с.

## **ШЕРҚАЛА ТАУЫ ЖӘНЕ ҚЫЗЫЛҚАЛА ҚАЛАШЫҒЫНЫҢ ОНОМАСТИКАСЫ**

**Бердібек А.Н.**

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушысы, PhD Молдахмет А.А.

Астана халықаралық университеті

Uzakbaevn1973@gmail.com

Аңдатпа

Мақалада Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Шетпе селосынан 17 км солтүстік-батыс бағытта орналасқан Шерқала тауы, Қызылқала қалашығы туралы айтылады. Шерқала тауы Маңғыстау облысының көрікті табиғи объектілерінің бірі болып, өзінің ономастикалық және тарихи-мәдени маңызы арқылы ерекшеленеді. Таудың атауы араб тілінен аударғанда «өрттей жанған қамал» деген мағынаны білдіреді, бұл оның ерекше көрінісі мен ландшафтық ерекшеліктерін айқын сипаттайды. Ономастикалық тұрғыдан қарағанда, Шерқала атауы құрамындағы компоненттер арқылы өңірдің географиялық, мәдени және тарихи контекстін көрсетеді.

Сонымен қатар мақалада зерттеу барысында таудың атауының шығу тегі, кім зерттеді, құрамындағы лексикалық элементтердің мағынасы, сондай-ақ оның айналасындағы тарихи топонимдермен байланысы жан-жақты талданады. Бұл деректер қазіргі Маңғыстау облысының тарихи негізін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Сондықтан Шерқала тауы табиғат пен мәдениеттің үйлесімін көрсететін ерекше ескерткіш болып саналады. Ол ғылыми зерттеулер мен туристік саяхаттар үшін маңызды орынға айналып қана қоймай, Маңғыстау облысының тарихи-мәдени мұрасын насихаттауда айрықша рөл атқарады. Сонымен қатар, бұл тау өңірдің көркем табиғатын сүйетіндер үшін тартымды әрі көрнекті демалыс орны болып табылады.

Кілт сөздер: Шерқала, ономастика, Маңғыстау, турист, зерттеу, археология, тарихи ономастикалық жүйе, атаудың шығу тегі, мәдени-тарихи мұра. өңірдің тарихи негізі.

Аннотация

В статье рассматривается гора Шерқала, расположенная в Мангистауской области, в 17 км к северо-западу от села Шетпе Мангистауского района. Гора Шерқала является одним из выдающихся природных объектов Мангистауской области и выделяется своим ономастическим и историко-культурным значением. Название горы в переводе с арабского языка означает «замок, горящий как огонь», что ярко отражает её уникальный облик и ландшафтные особенности. С точки зрения ономастики, название Шерқала через составные элементы показывает географический, культурный и исторический контекст региона.

Кроме того, в статье исследуется происхождение названия горы, кто её изучал, значение лексических компонентов, а также связь с историческими топонимами региона. Эти данные позволяют глубже понять исторические основы современной Мангистауской области. Таким образом, гора Шерқала является уникальным памятником природы и культуры. Она важна как для научных исследований, так и для туристических поездок, играя значительную роль в популяризации историко-культурного наследия.

Мангистауской области. Кроме того, гора является привлекательным местом отдыха для любителей живописной природы региона.

Ключевые слова: Шерқала, ономастика, Мангистау, турист, исследование, археология, историко-ономастическая система, происхождение названия, культурно-историческое наследие, исторические основы региона.

## Abstract

The article discusses Sherkala Mountain, located in Mangystau Region, 17 km northwest of Shetpe village in Mangystau District. Sherkala Mountain is one of the remarkable natural landmarks of Mangystau Region, distinguished by its onomastic and historical-cultural significance. The name of the mountain translates from Arabic as “a fortress burning like fire,” vividly reflecting its unique appearance and landscape features. From an onomastic perspective, the name Sherkala, through its components, demonstrates the geographical, cultural, and historical context of the region. Furthermore, the article examines the origin of the mountain’s name, who studied it, the meaning of its lexical elements, and its connection with historical toponyms in the region. These data provide a deeper understanding of the historical foundations of the present-day Mangystau Region. Therefore, Sherkala Mountain represents a unique monument of nature and culture. It is important for scientific research and tourist visits alike and plays a significant role in promoting the historical and cultural heritage of Mangystau Region. Additionally, the mountain serves as an attractive recreational spot for those who appreciate the picturesque nature of the area.

Keywords: Sherkala, onomastics, Mangystau, tourist, research, archaeology, historicalonomastic system, origin of the name, cultural-historical heritage, historical foundations of the region

## Кіріспе

Қазақстан аумағындағы жер-су атаулары халықтың этникалық жадын сақтайтын, мәденитарихи ақпаратты ғасырлар бойы жеткізетін маңызды тарихи дереккөздердің бірі болып табылады. Топонимика география, тарих, тіл білімі, этнология ғылымдарының деректеріне сүйеніп, өзара байланыста дамиды. Кез келген аумақтың географиялық атауларының жиынтығы сол жердің топонимиясын құрайды. Қазақ ономастикасының құрамдас бөлігі, яғни топонимдер халқымыздың ғасырлар бойы жүріп өткен жолының құндылықтарын бойына сіңірген тілдік жәдігерлерді зерттейді. Күнделікті өмірде мыңдаған топонимдер тілдік қолданыс барысында қарым-қатынасқа түсіп, әрбір адамның өмірінде белгілі дәрежеде қызмет атқарады.

Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданының аумағындағы тарихи ономастикалық нысандардың ішінде ерекше орын алатын ескерткіштердің бірі - Шерқала тауы. Қазіргі Шетпе ауылының территориясында орналасқан туристік аймақ болғандықтан, бұл өңірдің топонимиялық жүйесі өте күрделі әрі көпқабатты. Осы аймақтың көне атауы - табиғат, құрылым, географиялық ерекшелік, мәдени-рухани ұғымдармен тығыз байланысты. Шерқала атауы да осы ономастикалық жүйенің бір бөлігі ретінде қарастырылады. Шерқала тауының ономастикалық табиғаты ерекше мәнге ие. Тау атауының өзі тікелей қазақ тіліндегі “Шер» - парсы тілінен келген, «қорған», «қамал», «қамалдай биік жер» деген мағынаны береді деп топоним зерттеушілер айтады және “Қала» - қазақ тілінде «қала» сөзі «қамал, бекініс» немесе «қалқақ» деген мағынада қолданылады. сөздерінен қалыптасуы мүмкін деген пікір бар. Шерқала» - «қорған сияқты биік тау», «тастың қамалы», немесе «қорғандай биік жар» дегенді білдіреді. Шерқала тауының атауы да табиғи пішіні, рельеф ерекшелігі және көркемдігіне байланысты берілген. Бұл атау тек географиялық емес, сонымен бірге мәдени-тарихи мәнге ие, өйткені жергілікті тұрғындар мен саяхатшылар үшін тау «табиғи бекініс», «көркем көрініс» ретінде есте қалған. Осы мақалада Шерқала тауының топонимикалық табиғаты мен тарихи-мәдени мәні зерттеліп, тау атауының шығу тегі, құрамындағы компоненттердің мағынасы, тарихи сабақтастығы қарастырылады.

## Зерттеу әдістері мен материалдары

Жалпы Шерқала тауы мен оның айналасын археологиялық тұрғыдан А. Е. Астафьев, П. Н. Петров, М. Д. Калменов және Д. В. Марыксин сияқты зерттеушілер зерттеді. Астафьев пен Петров Кызылқала қалашығында археологиялық қазба жүргізіп, тас құрылыс элементтері мен тарихи қабырғаларды сипаттады. Калменов таудың маңындағы ортағасырлық құрылыс пен қорғандық элементтердің хронологиясын зерттеді. Сонымен қатар, Марыксин мен Попов керамика мен археологиялық материалдарды талдап, Шерқала маңы мәдени-тарихи контекстің түсіндірді. Осы зерттеулер таудың тек географиялық емес, сонымен бірге тарихи және мәдени маңызды объект екенін көрсетті. Сондай-ақ Шерқала тауы жанындағы каравансарай және торжище (сауда алаңы) кешенінде 2016 жылы монетно-асаттық қазба жүргізілген, ол туралы Астафьев пен П. Н. Петров жазған ғылыми мақала бар. [3. 2-4]

Зерттеу әдістері археологиялық зерттеу әдістері бойынша қалашық пен тау аймағында қазба жұмыстары жүргізіліп, қабырғалар, қақпалар, тұрғын үйлердің негіздері, артефакттар мен керамикалық бұйымдар зерттелді. Қабаттық талдау арқылы қалашық пен таудың әр қабатының хронологиясы анықталды. Ономастикалық талдау кезінде «Шерқала» атауы таудың пішініне байланысты, ал «Кызылқала» қабырғаларының қызыл кірпіштерімен байланысты екені көрсетілді және айиа кетерлік географиялық және топографиялық зерттеулер таудың рельефі, биіктігі, табиғи ерекшеліктерін сипаттап, стратегиялық артықшылықтарды анықтады. Тарихи-мәдени талдау жазба

деректер және тарихи карталар арқылы таудың және қалашықтың рөлін ашты. Салыстырмалы талдау басқа ортағасырлық қалашықтармен жүргізіліп, Қызылқала мен Шерқала арасындағы функционалдық және мәдени байланыс дәлелденді.

#### Талқылау

Шерқала туралы аңыздардың бірінде, осы жер ежелде қаптаған жаудан айбынды батырлардың қорғанытын жері болған деп айтылады. Олар жолбарыстар сияқты шайқасқан. Өз жерін қорғаған батырлар тау ішіндегі жер асты жолдарына жасырынып, мәңгілік сол жерде қалған. Осылайша, батылдық пен тәуелсіздіктің қорғаны болған тау «Шерқала» немесе «жолбарыстар қаласы» деп аталып кеткен. Келесі бір аңыз бойынша, тауға жасырынған жауынгерлер суы бар терең құдықтың есебінен қоршауда ұзақ отырған. Қоршауға алған жаулар тауда жер асты жолын жасап, құдықты бітеп тастаған. [2, б. 5-6] Тағы да айта кететін жайт ерте кезде бұл жерде адайлар мен түркімендер арасында қырғын соғыс болған. Түрікпен-қазақ қырғынында осы ұшпаға түрікпендер орналасып алып, жаугершілік жасаған. Бұл ұшпаның жан-жағы тегіс тас, өтетін жері, жолы болмаған. Тек бір ғана жолы ішінде су алатын түрікпендердің тіршілік еткен көзі үлкен шыңырауы болған. Жоғарыдағы жауға ештеңе істей алмай, құруға жақын қалған қазақтар ақыры амалын тауып-ты. Олар шыңыраудан қауіпсіздеу бір шетін тесіп, сол жерден түрікпендердің су алуға түсірген қауға, шелегін кесіп тастап тұрған. Ақырында шөлден қырылып, қаталаған түрікпендердің жартылай қолы «Шерқаланы» тастап қолға түскен екен. «Шерқаланы» түрікпенше алынбайтын қамал дегенді білдіреді екен. «Шерқала» тауы - Маңғыстау қазақтарының «киелі» деп санайтын жерінің бірі [1, б. 20]. Нақты дәлел Шерқала тауы - ежелгі жер сілкіністері нәтижесінде пайда болған төрткүл ақ бор тау. Таудың солтүстік жағы [1, б. 10]

XII-XIII ғ. басындағы шағын бекіністі қоныстың қалдықтарымен жалғасып жатыр. Таудың осы бөлігі өмір сүруге қолайлы болған. Мұндағы су шайған арналардың қабырғаларына терең нишалар ойылған, олардың бірінде түйе керуенінің бейнесінің ойылған суреті сақталған. Жүргізілген археологиялық зерттеулер ежелде Шерқала тауы көршілес жатқан ортағасырлық Қызылқала қаласымен байланысты сауда бекеті болғандығын анықтады. Ежелгі сауда орнынан алтын тиындар (монета) мен тиындар түйірінен тұратын көмбе табылған. Динарлардың негізгі бөлігі Ануштегин әулетінің хорезмшахы - Ала ад-дин Текешке (1193-1200 жж.) және ұлы Мұхаммед ибн Текешке (1200-1220) тиесілі. Жеті тиын хорезм билеушілерінің ресми ақша бірлігіне ұқсас жасалған. Тиындардың ұқсастығынан алтын тиындардың осы жерде соғылғандығы жөнінде болжам жасауға болады. Ежелгі Хорезм аумағында I-III ғ.ғ. соғылған мыс тиындардың табылуы негізінде ертеректе және кейінгі антикалық кезеңге дейін Шерқала тауы туралы сауда келісімдерін жүргізу орны болғандығы жөнінде тұжырым жасауға болады. [2, б. 9-10]

#### Нәтиже

Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде Шерқала тауының Маңғыстау облысындағы тарихи, мәдени және ономастикалық маңызы айқындалды. Археологиялық қазбалар мен этнографиялық деректер таудың тек табиғи объект емес, сонымен қатар ортағасырлық әлеуметтік-экономикалық және әскери әрекеттерге қатысқан маңызды нысан екенін көрсетті. Шерқала тауының атауы араб тілінен «өрттей жанған қамал» деп аударылады және бұл оның ерекше пішіні мен биіктігін сипаттайды. Топонимдік талдау тау атауының құрамындағы «Шер» және «Қала» компоненттері арқылы аймақтың мәдени, тарихи және географиялық контекстін көрсетеді. Бұл компоненттер тау мен оның айналасындағы жерсу атауларының, тарихи ескерткіштердің және мәдени жүйелердің өзара байланысын түсінуге мүмкіндік береді.

Археологиялық зерттеулер Шерқала тауының Қызылқала қалашығымен тығыз байланысты екенін анықтады. Қаладан тау маңына дейінгі аралықта сауда және әскери жолдардың іздері сақталған. Шерқала мен Қызылқала арасындағы сауда қатынастары ортағасырлық Хорезм билеушілерінің тиындары мен алтын қазыналары арқылы дәлелденді. Астафьев пен Петровтың зерттеулері бойынша, таудың маңындағы қазбалардан табылған алтын және күміс тиындар 1193-1220 жылдардағы Хорезм билеушілеріне тиесілі, бұл Шерқала тауының сауда және қаржылық орталық ретінде қолданылғанын көрсетеді. Сонымен қатар, тау маңынан табылған антикалық мыс тиындар оның ерте дәуірлерде де сауда қатынастарына қатысқанын дәлелдейді.

Этнографиялық деректер мен аңыздарға сүйенсек, Шерқала тауы ежелден батырлық пен қорғаныс символы ретінде қызмет еткен. Жергілікті халыққа және саяхатшыларға тау «табиғи бекініс», «қорған» немесе «жолбарыстар қаласы» ретінде есте қалған. Аңыздарда батырлар жаудан жасырынып, жер асты жолдарын пайдаланып аман қалғаны, сондай-ақ тау жанындағы су көздері мен шыңыраулардың стратегиялық рөл атқарғаны баяндалады. Бұл деректер тау мен қоршаған ортаның ежелгі тұрғындардың өмір салты мен әскери-экономикалық әрекеттеріне тікелей қатысқанын көрсетеді.

Жалпы, зерттеу нәтижелері Шерқала тауының бірнеше деңгейдегі маңызын көрсетеді: 1) ономастикалық - тау атауының шығу тегі мен құрамындағы компоненттер арқылы, 2) археологиялық - қазбалар мен тарихи қалдықтар арқылы, 3) әлеуметтік-экономикалық - сауда қатынастары мен керуен жолдары арқылы, 4) мәдени-рухани - аңыздар, діни және культтік орындар арқылы. Осылайша, Шерқала тауы табиғи, тарихи, мәдени және археологиялық тұрғыдан ерекше құндылыққа ие объект ретінде бағаланады.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу жұмысы бойынша мақала Шерқала тауының тарихи-ономастикалық маңызын жан-жақты ашуға мүмкіндік берді. Шерқала қазіргі таңда ғылыми зерттеу, археологиялық ізденістер мен туристік саяхаттар үшін маңызды нысан болып табылады. Ол Маңғыстау облысының тарихи-мәдени мұрасын сақтау және насихаттауда ерекше рөл атқарады, сондай-ақ туристер үшін көркем табиғаты мен тарихи маңызы арқылы тартымды орынға айналған. Осылайша, Шерқала тауы табиғи, тарихи, мәдени және археологиялық тұрғыдан ерекше құндылыққа ие объект ретінде бағаланады. Бұл зерттеу өңірдің тарихи сабақтастығын, мәдени мұраларын және ономастикалық жүйесін кешенді түрде түсінуге мүмкіндік беріп, болашақта туристік және ғылыми әлеуетін одан әрі дамытуға негіз қалайды.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Көшімова, Б.Ә. Маңғыстау өңірі жер-су атауларының түсіндірме сөздігі. Алматы: «Нұрлы әлем», 2010. - 238б.
2. Самашев, Кушербаев, Аманшаев, Астафьев, З., К., Е., А. Сокровища Устюрта и Манкыстау, Қ. Сыдықов атындағы Маңғыстау облыстық әмбебап кітапханасы, 2007. - 400 б.
3. Каменов М.Д. 2007. Средневековое городище Кызылкала. В: Сдыков М.Н.
4. Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. - Алматы: Мектеп, 1985. - 256 б.
5. Жанұзақов Т. Қазақ ономастикасы. - Алматы, 2007 -524 б.

#### АЯГӨЗ Өңірінің Ономастикалық Атаулары: Шығу Тегі, Зерттелуі және Этномәдени Сипаты

Болатқанова Е.

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушысы, PhD Молдахмет А.А.

Астана Халықаралық Университеті

Астана қ.

erkebolatkanova@gmail.com

Андатпа

Бұл ғылыми мақала Абай облысы аумағындағы Аягөз өңірінің онимдік жүйесіне, яғни жер-су атауларының шығу тегі, құрылымы және тарихи-мәдени мәніне арналған. Қазақ даласындағы топонимдер - ұлт тарихының, этномәдени болмысының, көне дәуірден келе жатқан тілдік қабаттардың көрінісі. Аягөз атауы - осы аймаққа тән көне гидронимдердің бірі және түркілік тайпалық-рулық құрылымдардың, мифтік-аңыздық түсініктердің, тарихи жазбалардың тоғысқан тұсы ретінде ерекшеленеді. Мақалада Аягөз қаласының, Аягөз өзенінің атауы, оның этимологиялық талдауы, халықтық және ғылыми нұсқалары, сондай-ақ осы өңірдегі өзге де табиғи-географиялық атаулар (Қозы Көрпеш - Баян сұлу кесенесі айналасындағы топонимдер, Шорға, Байқасқа, Қарақол, Көксай, Таскескен, Ақшатау, т.б.) қарастырылады. Зерттеу барысында П. П. Семёнов-Тян-Шанский, Г. Н. Потанин, А. Янушкевич, сондай-ақ қазіргі отандық ономаст-ғалымдардың еңбектері пайдаланылды. Топонимдік атаулардың тарихи-тілдік негіздері салыстырмалы-тарихи әдіспен, аңыздық-этнографиялық нұсқалары мазмұндық-мәтіндік талдау арқылы қарастырылды. Мақалада Аягөз атауының көне түркілік (ай+оғұз), фольклорлық («Аяудың көз жасы»), тарихи-топографиялық (өзен сипаттамасына байланысты) нұсқалары сараланып, өңірдің ономастикалық картасы мен атаулардың этномәдени қызметі жан-жақты түсіндіріледі.

Түйінді сөздер: Аягөз, топоним, ономастика, этнолингвистика, түркілік атаулар, гидроним, тарихи деректер, фольклор, этимология, жер-су атаулары

Аннотация

В статье рассматривается ономастическое наследие Аязозского региона Абайской области, включая происхождение, семантику и историко-этимологические особенности топонимов. Аязозский